

## Объектілік масштабтағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының әкімінің 2025 жылғы 14 қазандағы № 2 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Заңының Қазақстан Республикасындағы 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Сәтбаев қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 4 хаттамасы негізінде, Сәтбаев қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сәтбаев қаласының Абай көшесі бойындағы № 46 тұрғын үй ғимаратының 5 және 6 кіреберістерінің (подъезд) құлауы салдарынан техногендік авариялық жағдайдың туындау қаупіне байланысты, ол жазатайым оқиғалар мен адамдардың қаза болуына әкеп соғуы мүмкін, объектіде: Сәтбаев қаласы, Абай көшесі № 46 үйдің 5 және 6 кіреберісі (подъезд) бойынша объектілік масштабтағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Сәтбаев қаласының әкімінің орынбасары Сыздыманов А. С. тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М. Бурибаев*